# Фрэнсис Фукуяма: «Тарихтың ақыры және соңғы адам»

Америкалық философ, саясаттанушы, саяси экономист және жазушы. Ол демократия мәселесі бойынша құрыылған ғылыми орталықтың қызметкері және Стэнфорд университетінде қызмет атқарған.

Оны атақты қылған ***<u>“Тарихтың ақыры және соңғы адам”</u>*** еңбегі.

Еңбек 1992 жылы шығарылып, сол кездегі резонанстық төңкеріліс ретінде танылды. 20 тілге аударылды.



# ФРЭНСИС

*Соңғы жылдары дүние жүзінде либералды демократияны негізгі басқару жүйесі ретінде заңдастыру қажет деген консенсус пайда болып, бұл пәтуа – мұрагерлік монархия, фашизм, коммунизм секілді өзге де бәсекелес идеялар жеңіліске ұшыраған соң, одан әрі күшейе түсті. Осы кезде мен де либералды демократия – «адам баласының идеологиялық эволюциясының соңғы бөлімі» болып, «адамзат қоғамындағы басқарудың соңғы үлгісін» көрсетіп, «тарихтың ақыры» болады деуден танбадым. Бұл бұған дейінгі басқару түрлері – өздерінің қирауына себеп болған кемшіліктері мен қолайсыздығымен белгілі болса, либералды демократия мұндай күрделі ішкі қайшылықтардан ада дегенді білдіреді. Бірақ жоғарыдағы пайымдау – АҚШ, Франция немесе Швейцария секілді демократиялық жүйесі тұрақты елдерде әділетсіздік немесе маңызды әлеуметтік мәселелер жоқ дегенді білдірмейді. Ал мұндай проблемалар – бостандық пен теңдік деген секілді егіз принциптердің жеткіліксіз жүзеге асқандығынан туындайды.*

**ФРЭНСИС ФУКУЯМА**

# Фрэнсис Фукуяманың білімі



1967 жылы Пенсильваниядағы орта мектепке оқуға түседі.




Корнелл университетінде классикалық өнер бөлімінің бакалавр дәрежесін алады.



Бастапқыда Йель университетіне аспирантураға салыстырмалы әдебиеттану мамандыққа түсіп, бірақ бұл  мамандықтан көңілі қалып Гарвард университетінің саясаттану мамандығына түседі.

# Өмірбаяны

ФРЭНСУС ФАКУЯМА 1952 ЖЫЛЫ 27 ҚАЗАНДА ЧИКАГО ҚАЛАСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. ОНЫҢ АТАСЫ 1905 ЖЫЛЫ ОРЫС-ЖАПОН СОҒЫСЫНАН АМЕРИКАҒА ҚАШЫП, БАТЫС ЖАҒАЛАУЫНАН ДҮКЕН АШЫП ҮЛГЕРГЕН.ӘКЕСІ ЁСИХИРО ФУКУЯМА ЖАПОННАН ШЫҚҚАН АМЕРИКАНДЫҚ ЕКІНШІ ҰРПАҚ ДІНДАР БОЛҒАН, ЧИКАГОДА ДІН ӘЛЕУМЕТТАНУЫ БОЙЫНША ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯСЫН ҚОРҒАДЫ, КӨП ЖЫЛДАР БОЙЫ БІРІККЕ ШІРКЕУДІҢ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСІНДЕ ЖҰМЫС АТҚАРДЫ. ФРЭНСИСТІҢ АНАСЫ, ТОСИКО КАВАТА,КИОТОДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ЖӘНЕ КИОТ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЭКОНОМИКА ФАКУЛЬТЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ЖӘНЕ ОСАКИ МУНИЦИПАЛДЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ СИРО КАВАТТЫҢ ҚЫЗЫ. 1949 ЖЫЛЫ ОЛ ОҚУЫН ЖАЛҒАСТЫРУ ҮШІН АМЕРИКАҒА САПАР ШЕКТІ, СОЛ ЖЕРДЕ ӨЗІНІҢ БОЛАШАҚ ЖАРЫН КЕЗДЕСТІРДІ. БАЛА ТУЫЫЛҒАННАН КЕЙІН ҮЙ БИКЕШІ БОЛДЫ. ОЛ ФУКУЯМА ОТБАСЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ БАЛА БОЛДЫ. ОНЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ НЬЮ-ИОРКТЕГІ МАНХЕТТЕНДЕ ӨТТІ, ОЛ ЖАПОН ТІЛІ МЕН МӘДЕНИЕТІМЕН АЗ ТАНЫС ЕДІ. ОЛ БІР СҰХБАТЫНДА ӨЗІН «ТУМА АКАДЕМИК» ДЕП АЙТТЫ, ӨЙТКЕНІ ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ОҒАН АТАСЫ АРҚЫЛЫ БЕРІЛГЕН.

Жанр:Саяси философия
Автор:Френсис Фукуяма
Түпнұсқа тілі: ағылшынша
Жазылған мерзім:1990-1992ж
Шыққан күні:1992
Баспасы :Free Press



*Алғашқы және ең танымал кітабы «Тарихтың ақыры және соңғы адам» 1992жылы жарық көріп жазушыға өзі ойламаған атақ алып келді.Кітаптың танымал болуының себебін анықтауда ғалымдар оның шыққан уақыты мен жеріне байланысты деп шешті:кітап Кенес Одағының ыдырауы мен Батыстың жалпы құлдырауы кезінде шықты.*

*Аталмыш кітап соңғы ғаламдық оқиғаларға толы болғанымен, оның тақырыбы бізді өте ертедегі сұраққа қайта оралтады: «Шынында да жиырмасыншы жүзжылдықтың соңында адам баласының көп бөлігін либералды демократияға әкелетін адамзаттың логикалық жүйеленген және бағытталған Тарихы туралы айтудың мәнісі бар ма?» Мен тоқтаған жауап – екі түрлі. Оның біріншісі – экономикаға, екіншісі – «мойындату үшін күрес» деген ұғымға байланысты.*

# Кітап бөлімдері:

**Бірінші бөлім.Тағы қойылған бұрынғы сұрақ.**

**Екінші бөлім. Адамзаттың қарттығы.**

**Үшінші бөлім.Тану үшін күрес.**

**Төртінші бөлім.Родостан секіріс.**

**Бесінші бөлім.Соңғы адам.**

# І.НАШ ПЕССИМИЗМ

ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫР- қазіргі таңда өткен ғасыр деп атап қана қоймай, оның бізді тарихи терең пессимисттерге айналдырғанын да атап өтуіміз керек.

1880 ж. РОБЕРТ МАКЕНЗИ: «Адамзат тарихы- прогресс тарихы, білім деңгейінің артуы мен даналықтың даму тарихы, ақылдың төмен деңгейден жоғарыға ұмтылуының тоқтаусыз процессі. Әрбір ұрпақ жаңартылған, өзгертілген байлықтарымен үздіксізалмасып отырады.

XIX ғ. Прогресс теориясын адамзаттың артта қалушылығы санады




Тарихи адам прогрессінің маңызы неде?




ПРОГРЕСС- РЕГРЕССКЕ АПАРАДЫ!

# II. МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ

Шындығында біз тарихтың соңына келдік пе?

Басқаша айтқанда, қазіргі либерализм шеше алмайтын, бірақ әлде бір альтернативті саяси-экономикалық құрылғы аумағында шешіле алатын тағы қандай да бір іргелі «қайшылықтар» бар ма?

Біз идеалистік алғышарттардан бастағандықтан жауапты идеология мен сана саласынан іздегеніміз дұрыс.

# Өткен ғасырда либерализмге екі үлкен қарсылық фашизм мен коммунизм туындады.

Біріншісіне сай, Батыстың саяси әлсіздігі, оның материализм^ моральдық азғындауы, бірліктің жоғалуы либералдық қоғамның іргелі қайшылықтары, оны фашизмнің көзқарасы тұрғысынан тек мықты мемлекет және ұлттық ерекшелік идеясына сүйенген «жаңа адам» ғана шеше алады.

Либерализмге қарсы тұрған екінші ұлы альтернатива коммунизмнің идеологиялық тартысы әлдеқайда маңызды болды. Маркс гегельдік тілмен либералдық қоғамға іргелі шешілмейтін қайшылықтар тән: бұл - еңбек пен капитал арасындағы қайшылық деп жариялады.

Қазіргі кезде **20000** астам қытай студенттері АҚШ-та және басқа да мемлекеттерде білім алуда. Негізінен алғанда олардың барлығы - қытайлық элиталардың балалары. Еліне қайтып оралып, мемлекетті басқаруға араласқан соң, олар Қытайдың Азиядағы жалпы демократиялық процестерден оқшау қалған жалғыз мемлекет болып қалуына мүмкіншілік береді деуге сену қиын. Алғаш рет 1986 жылы Пекинде және жақында Ху Яобанның өліміне қатысты болған студенттік демонстрациялар саяси жүйенің өзгеруіне байланысты қозғалыстың күшеюінің бастамасы ғана.

# Әлемдегі либералдық революция

Біз маңызды қақпаның алдында тұрмыз, себебі рух алдыға жылжып, ескі формасын тастап, жаңасын табады. . Біздің әлемімізді біртұтас қылып байланыстырған бұрыңғы түсінігіміз, идеяларымыз бен тұжырымдама, сілтемелеріміз жойылып, түс секілді болып қалады. Бұл рухты жаңа кезеңге дайындау деп аталады. Басқалар оған қарсы болып, бұрыңғы кезеңді қазбалап жатқанда, философияның ерекшелігі оны қабылдап, жақсы қарсалу болып табалады.

1806 жылы 18 қыркүйек Г.В.Ф. Гегельдің лекциясы: Коммунистік солға және авторитарлық оңшыл банкрот болды. Олардың ішкі саясатты қолдап, жүргізіп отыратын нақты және сенімді идеялары жоқ.

## Авторитарлық мемлекеттің осал тұсы

Бұл мемлекеттің азаматтық қоғамды бақылауға қабілетсіздігін айтамыз.

## Тотаритарлық мемлекеттің осал тұсы

Бұл мемлекет ондай мәселелерден қашады, бірақ қоғамды басқару үшін террор қолданады. Ол мемлекет басшысына да зиянын тигізеді.

## Мықты мемлекеттің осал тұсы

Бұл авторитарлық мемлекеттер демократиялық,тотаритарлық мемлекеттер авторитарлық емес демографиялық мемлекетке айналуын айтамыз.

# III-тарау

# Алғашқы адам

**Томас Гоббс, «Левиафан»**

Қазіргі заманғы либералды демократия дәстүрлердің қараңғы тұманды жағынан туындаған жоқ. Олар, коммунистік қоғам сияқты әдейі белгілі бір мезгілде адамның теориялық түсінігі негізінде және институттарды реттеуге байланысты адамзат қоғамын құрған.

Гоббс адамның табиғи күйдегі сипаттамасынан құқық пен әділеттілік принциптерін шығарған.

Гоббстың  табиғи жағдайы мен Гегельдің қанды шайқас арасындағы ұқсастық таңқаларлық. Біріншіден, өзге де төтенше зорлық-зомбылық сипатталады: негізгі әлеуметтік шындық - махаббат немесе келісім емес, бұл  «барлығы бір - біріне қарсы» атты соғыс.



***Гоббс Гегель сияқты «тану үшін күрес» терминін қолданбаса да бастапқы соғыстың мәні гегельдікіне ұқсас: «осылайша, біз адам табиғатынан соғыстың үш негізгі себептерін таба аламыз:***

Біріншіден, бәсекелестік;

Екіншіден, сенім жоқтығы;

Үшіншіден, адамдарды тікелей олардың мекен-жайы немесе олардың туыстарының мекен-жайы, достары, олардың ұлт, сынып немесе т.б қарапайым нарселердің себебінен шабуылдауға итермелейді.

Тарихтың ақырында пайда болатын әмбебап және біркелкі мемлекет 2 негізге арқа сүйейтін болады.Олар:





Экономика жаңа тарихтың бастауында босанған және шексіз байлықты қордалаудан байыған жанның қалауынан пайда болады.



Танылым үшін күрес жанның тимотикалық жағынан туындайды. Оның қозғаушы күші-құлдықтың шындығы,ол жерде құлдың армандаған әлемімен,яғни барлық адамдар Құдай алдында еркін және тең болатын дүниемен контрастта болады.

# ІІІ бөлім.Тану үшін күрес

Атақ үшін күрес

Алғашқы адам

Болгариядағы демалыс

Қызуқанды аң

Тимостың шыңы мен ақыры

Құдайлық пен құлдық

Әмбебап және біркелкі мемлекет

# Әмбебап және біркелкі мемлекет

Либералдық мемлекет рационалды, себебі бұл бәсекелесуші тараптарды бейбіттендіре отырып бір ғана өзара тиімді негізде мойындайды, себебі адамның жеке кісі ретіндегі сәйкестенуінің негізінде. Либералды мемлекет әмбебап болуға тиіс, яғни барлық азаматтарды мойындауы тиіс, себебі, олардың белгілі бір ұлттық, этностық немесе нәсілдік топтың мүшесі болғандықтан емес, олар тек адамдар болғаны үшін. Ол мырзалар мен құлдардың арасындағы айырмашылықты жоюға негізделген тапсыз қоғамды қалыптастыратын біркелкі деңгейде болуы керек.

Әмбебап және біркелкі мемлекеттің рационалдылығы  Америка республиксының тууына алып келген конституциялық жиналыста болған сияқты ашық және жарияланған принциптердің базасында саналы түрде пайда болу дерегінен айқын болады. Яғни мемлекеттің беделі ғасырлық дәстүрлерден немесе діни сенімнің күңгірт тереңдіктерінен пайда болмайды, бірақ ол мемлекет тұрғындарының оның негізінде бірге өмір сүруге келісім жасайтын көпшіліктегі талқылаулар процесінде дүниеге келеді.




# 4 Бөлім




***“РОДОСТАН СЕКІРУ”***



***Барлық суық құбыжықтардан ең суығы***

Кей жерлерде халықтар мен тобырлар өмір сүреді, бірақ бізде емес бауырларым, бізде мемлекет бар!

Мемлекет? Бұл не? Мені тыңдаңдар, мен сендерге халықтың өлімі туралы айтамын. Мемлекет деп – барлық суық құбыжықтардың ішіндегі ең суығы аталады. Ол суық өтірік айтады, ол суықтың аузынан өтірік шығады.

Бұл – өтірік! Жасампаздар олар халықты жасағандар және оларға сенім мен махаббат бергендер.

Бұзушылар – олар қақпан қоюшылар, мемлекеттер.

Бұл болжамымды мен сіздерге беремін, әрбір халық жақсылық пен жамандықты өз тілдерінде айтады, бірақ көршілері оны түсінбейді.

# Тимотикалық еңбек тамыры

***Гегель ... ЕҢБЕКТІ болмыс деп санаған, адамның нағыз болмысы***

**(КАРЛ МАРКС)**

*Адам Смит көзқарасы бойынша, мемлекеттерінің байлықтарының ең негізгі қайнар көзінің айырмашылығы үкімет саясатының даналығы немесе ақылсыздығы, ал адамның экономикалық мінез-құлығы оның жаман саясатының артығырық немесе азырақ әмбебап түрде босатылуы*

# Жанаспайтын реализм

*АДАМ ӨЗ НАТУРАСЫНЫҢ МӘЖБҮРІНЕ ҚАРАЙ СЕНЕТІН ҚҰДАЙЛАРЫ ҮШІН, БІЛЕТІН АДАМДАРЫ ҮШІН ҚАЙ ЖАҚТА БИЛІГІ БАР ЖЕРДЕ ЖАН-ЖАҚТЫ БАСҚАРАДЫ. БІЗ ОСЫ ЗАҢДЫ ІСКЕ АСЫРҒАН ЖОҚПЫЗ, ОНЫ ҚОЛДАНУШЫЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫЛАРЫ ДА БОЛМАДЫҚ, БІРАҚ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ УАҚЫТЫНДА КЕЗ СОҒЫП ҚАЛДЫҚ. ОНЫ БАРЛЫҚ УАҚЫТТА ІСКЕ АСУЫНА ҮМІТТЕНЕМІЗ, СОНДЫҚТАН ДА БІЗ ОНЫ ПАЙДАЛАНАМЫЗ. ӨЙТКЕНІ СЕНДЕР ДЕ СОНДАЙ БИЛІКТІ ИЕЛЕНГЕНДЕ ТУРА СОЛАЙ ЖАСАР ЕДІҢДЕР!*

**(АФИНА ХАЛҚЫНЫҢ МЕЛЯНДАРҒА АЙТҚАН СӨЗДЕРІ)**

# Әлсіздердің күші

**РЕАЛИЗМ – КЕРНЕУЛІК, АГРЕССИЯ, СОҒЫС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ПЕРМАНЕНТТІ МҮМКІНШІЛІКТЕРІН БЕКІТЕТІН ТЕОРИЯ. ЖӘНЕ БҰЛ КҮЙ – АДАМИ КҮЙ. БҰЛ КҮЙ АДАМЗАТ ҚОҒАМЫНЫҢ НАҚТЫ ТҮРЛЕРІ МЕН ФОРМАЛАРЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙЫНДА ДА ӨЗГЕРМЕЙДІ, СЕБЕБІ БҰЛ АДАМ ТАБИҒАТЫНДА ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛЫПТАСҚАН ПРОЦЕСС.**

# Ү бөлім. Соңғы адам

- Бостандық патшалығында
- Кеудесіз адамдар
- Тәуелсіздер мен теңсіздер
- Толық құқық және залал міндеттері
- Шексіз рух тартыстары

**V бөлімнің тікелей арналатын мәселесі:**

*шын мәнінде либералды демократия толығымен адамның тануға деген талпынысын қанағаттандырады ма деген сұраққа жауап беру, осылайша, адамзат тарихының соңғы нүктесін айқындау.*



*Дегенмен Фукуяма, "либералды демократия адамзат мәселелерінің ең дұрыс шешімі", деп санайды, сондай-ақ ол оған тән бірқатар ішкі «қарама-қайшылық» әсерінен ол құлдырауға ұшырауы мүмкін деген тұжырымға келеді.*

*Фукуяма соңғы қарама қайшылық басқаларынан әлдеқайда маңызды деп санайды. Осыған байланысты ницшаның түсінігі «соңғы адам» немесе ештеңеге сенбейтін және өзінің жайлылығынан басқа ештеңе ойламайтын қастерлеу сезімін жоғалтқан тарихтан кейінгі адамдар тобыры сол түсінікті қолданады.*



*Фукуяманың ең басты қорқынышы «соңғы адам» емес, адамдардың күреске деген ұмтылысының азаюы либералды демократияның бұзылуына алып келеді деген тұжырым.*

*Фукуяма адамдарды тек либералды демократия ғана қанағаттандырмайды «көңілі толмаушылар әрқашан тарихты қайта өзгерте алады» деген қорытындыға келеді.*

Назар аударғандарыңыз ға рақмет!

